

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ, МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Амантаева М.А.

Инвестиции играют центральную роль в экономическом процессе, они определяют общий рост экономики. В результате инвестирования средств в экономику увеличиваются объемы производства, растет национальный доход, развиваются и уходят вперед в экономическом соперничестве отрасли и предприятия в наибольшей степени удовлетворяющие спрос на те или иные товары и услуги.

Investments play the central role in economic process, they predetermine the general growth of economy. As a result of investment of means in economy volumes of manufacture increase, the national income grows, develop and leave forward in economic rivalry of branch and the enterprise to the greatest degree satisfying demand for that or other goods and services.

Инвестиция термині қалыптасу барысында көптеген ойшыл экономистердің қызығушылығын тудырды. Өз заманында Дж. Кейнс инвестицияға классикалық анықтама берген. Оның пайымдауы бойынша, алғашқы инвестицияланған ақша сомасы бастапқы кірістерге айналады. Бұдан соң, ол қаражаттың белгілі бір бөлігі жеке және инвестициялық тұтыну қажеттіліктеріне жұмсалады да, екінші тараптағы кірістерге айналып отырады, яғни, тұтыну көлемін ұлғайту арқылы кіріс көлемін ұлғайтуға инвестициялардың өсуі ықпал етеді.

Қазіргі заманғы шарттарды ескере отырып анықтама берген Пол Хейн, оның жазуы бойынша: “Инвестициялау-болашақта табыс алу үшін алдын ала белгілі бір затты сатып алу керек. Осыдан, фирма станоктар сатып алған кезде инвестициялайды, дәл осылай сіз де акциялар сатып алған сәтте инвестор боласыз”

Көптеген анықтамаларда инвестицияларды ақшалай салымдарға теңестіреді. Мұндай түсінікпен, меніңше, келісуге болмайды. Себебі, капиталды инвестициялау тек ақшалай түрде ғана емес, сонымен қатар басқа да нысандарға қозғалатын және қозғалмайтын мүлік түрінде, әр-түрлі қаржы құралдары түрінде, лицензия түрінде, Ноу-Хау және т.б.

Көптеген авторлар күрделі қаржы мен инвестициялардың бір-бірінен айырмашылығы жоқ деп көрсетсе, ал кейбіреулері инвестицияны мақсатты бағытталуына байланыссыз салынған қаражат салымының кез-келген түрі деп есептейді. Мәселен, Ресей ғалымдары Г.П.Журавлев, И.Ю.Малышев инвестицияны жаңа технологияларды, материалдарды және басқа да құрал-жабдықтарды өндіріске енгізе отырып, өндірісті кеңейту және жаңарту ісіне жұмсалатын шығындар деп есептейді. Бұл жерде негізгі және айналым қорлары аралығындағы айырмашылықтар, сондай-ақ, ғылыми-техникалық прогресс, еңбек ресурстары және тағы да басқа факторлар есепке алынады. [1]

Тек нарықтық экономика жағдайына өту жоспарлы экономикаға ғана тән “күрделі қаржы” ұғымын, санатында құнды қағаздары және басқа да қаржылық активтері бар “инвестиция” ұғымына алмастырып қойған жоқ, сондай-ақ, өндіргіш күштердің ғылыми-техникалық тұрғыда өркендеуі жалпы мәдениеттің алға басып, өркен жаюы жағдайында олардың жоғары индустриялық жүйелерінің қалыптасуы және де қоғамымыздың жалпы ұлттық мақсат-мүдделерінің рөлі мен мағынасының күшеюі ғылыми-техникалық және әлеуметтік салаларды қаржыландырудың,

еліміздің материалдық байлықтары мен қоғамдық құндылықтарына салынатын салым екендігін танатып мойындатуға ықпалды әсерін тигізді.

Ұдайы өндіріс жүйесінде инвестициялар өндірістік ресурстарды жаңарту мен ұлғайтуда, сондай-ақ экономикалық өсудің қарқынды дамуында басты роль атқарады. Қоғамдық ұдайы өндірісті өндіріс, бөлу, алмастыру және тұтыну жүйесі деп алатын болсақ, онда инвестициялар ең алдымен өндіріске қатысты болып келеді және оның дамуының материалдық негізін қалайды.

Инвестиция түсінігі (латын тілінен *investio* – киемін) бір ел ішінде және шетелде экономика салаларына капитал салымдарын білдіреді. Экономикада инвестицияларды қаржылық (бағалы қағаздарға салымдар) және нақты (өндіріске, ауыл шаруашылығына, құрылысқа салымдар) деп ажыратады.

Нақты инвестициялар қандай-да бір экономика саласына немесе кәсіпорынға капитал салымдарын білдіреді. Нәтижесінде жаңа капитал немесе қолда бар капиталдың өсуі байқалады. Ал қаржылық – капитал салымдарын акция, облигациялар және басқа да бағалы қағаздарға жұмсау болып табылады. Мұнда нақты капиталдың өсуі байқалмайды, тек қана сатып алу, меншік құқығының ауысуы жүргізіледі. [2]


Инвестициялық ресурстар түсінігі өндірістің барлық өндірілген нысандарын қамтиды, яғни тауар мен қызметкөрсетулерді өндіру мен олардың тұтынушыға жетуінде қолданылатын құрал – жабдықтардың, машина, құрылғылардың барлық түрлерін қамтиды. Өндірістің осы құралдарын өндіру мен жинақтау инвестициялау деп аталады.

Инвестициялық тауарлар тұтыну тауарларынан айырмашылығы сол, тұтыну тауарлары қажеттіліктерді қанағаттандыратын болса, инвестициялық тауарлар тұтыну тауарларының өндірісін қамтамасыз ете отырып, жанама түрде қажеттілікті қанағаттандырады. Нақтылайтын болсақ, мазмұны бойынша ұлттық байлықты көбейтетін капитал болып табылады. Мұнда «капитал» термині ақшаны білдірмейді. Көптеген экономистер «ақша капиталын» өндіріске қажетті машина, құрал-жабдықтарды сатып алуға қажетті ақша ретінде түсінеді. Алайда, ақша ештеңе өндірмейді, сондықтан оларды экономикалық ресурстарға жатқызбайды.

Инвестициялар – бұл болашақта көбірек тұтыну үшін ертеңгі күнге сақталған жинақтар. Инвестициялардың бір бөлігі – бұл ағымдағы уақытта қолданылмай, қор түрінде сақталатын тұтыну қажеттілігі болса, екінші бөлігі – өндірісті кеңейтуге бағытталған ресурстар болып табылады.

Осылайша, инвестициялар болып, қоғамның нақты капиталының өсуіне, яғни өндірістік аппараттың ұлғаюы мен жаңаруына бағытталған ресурстар табылады. Бұл жаңа көлік құралдарын, құрылғылар мен ғимараттарды сатып алумен сондай-ақ жолдарды, тағы да көптеген құрылыстарды салумен байланысты болуы мүмкін. Мұнда сондай-ақ білім беру, ғылыми зерттеулер мен мамандар дайындауға кеегтін шығындарды да қосуға болады. Бұл шығындар адам капиталына жұмсалымдарды білдіреді.

Инвестициялар құрылымын келесі сызба арқылы арқылы көрсетуге болады:



1-сурет. Инвестициялар құрылымы.

Ұлғаймалы ұдайы өндіріс жүйесінде инвестициялар маңызды құрастырушы қызмет атқарады. Қаражаттардың ұлттық шаруашылықтың қандай-да бір саласына жұмсалуды экономиканың болашақ құрылымын сипаттайды.

Жеке инвестициялар негізінен пайда табуға бағытталады. Белгілі бір салаға жұмсалатын инвестициялар деңгейі экономика саласының табыстылық деңгейімен анықталады.

Табыстылық – инвестициялардың артықшылығын анықтайтын аса маңызды құрылымдық критерий болып табылады. Инвестициялардың мемлекеттік емес көздері ең алдымен капитал айналымдылығы жоғары пайдалы салаларға жұмсалады. Мұндай жағдайда жұмсалған салымдардың өтелуі төмен экономика салалары инвестицияланбай қалады. Шамадан тыс инвестициялау инфляцияға алып келсе (экономиканың қызуы), ал жеткіліксіз инвестициялау – дефляцияға алып келеді. Экономикалық саясаттың осы шеткі нүктелерін салықтар, мемлекеттік шығыстар, ақша-несиелік, қаржылық-бюджеттік салада үкіметпен жүргізілетін шаралар кешеніндегі оңтайлы стратегия реттеп отыруы тиіс.

Инвестициялық ресурстарды қалыптастыру мен пайдалану белгілі бір кезенді қамтиды, ол инвестициялық цикл деп аталады. Егер біз нақты инвестицияларды қарастыратын болсақ, онда ол келесі кезеңдерді қамтиды: ғылыми негіздер, жобалау, құрылыс және пайдалану. [3]

Инвестициялар экономикалық процессте маңызды роль атқарады, олар экономиканың жалпы өсуін анықтайды. Экономикаға қаражаттар жұмсау нәтижесінде өндіріс көлемі артады, ұлттық табыс өседі, таура мен қызмет көрсетулерге сұранысты анықтайтын экономика салаларындағы кәсіпорындар дами түседі. Алынғын ұлттық табыстың өсімі қайтадан жинақталып, өндіріс ары қарай ұлғая түседі, осылайша процесс үздіксіз қайталанып отырады. Сөйтіп, ұлттық табыс есебінен қалыптасатын инвестициялар оны бөлу нәтижесінде, табыстың өсуін, ұлғаймалы ұдайы өндірісті жүргізіп отырады. Инвестициялар неғұрлым оңтайлы болса, соғұрлым ұлттық табыс өседі, өндіріске қайта жұмсалатын жинақтардың абсолютті шамасы артады.

Ұлттық шаруашылықтың негізгі қорларының ұдайы өндірісі инвестициялық салымдар түсуінің үш негізгі тетігі арқылы жүргізіледі: мемлекеттік капитал салымдары; компания мен кәсіпорындар есебінен жүргізілетін капитал салымдары;

тұрғындардың ақша қаражаттарын айналдыру нәтижесінде қалыптасатын инвестициялық қорлар мен компаниялардың есебінен жүргізілетін инвестициялар.

Кәсіпорынның өз өндірістік аппаратын ұлғайтуға жұмсалатын инвестициялары бүкіл экономика үшін ынталандыру ролін атқарады. Кәсіпорынның инвестициялық тауарларды сатып алуы, мысалы түрлі машиналар, экономиканың жалпы өсуіне әкелетін таура нарығында сұранысты тудырады.

Осылайша, инвестициялар ұзақ мерзімде қуаттылықтарды кеңейте қоймай, қолда бар қуаттылықтардың тиімді жұмсалыуына септігін тигізеді.

Таза экономикалық себептерге қарай инвестициялардың табыстарының айырмашылығы бар. Өндіріске инвестициялар балама инвестицияларға қарағанда (антиквариат, алтын, бағалы тастар, банктік салымдар, т.б) жоғары болуы тиіс. Әйтпесе, әруақытта тәуекелмен байланысты өндіріске салым салу қажеттігі азаяды.

Инвестициялардан түсетін түпкілікті табыс инвестициялаудың шығыстарын өтегенше, инвестициялық бағдарламалар жүргізіліп отырады. Жұмысқа тартылатын жаңа жұмысшылардың табыстары өндірілетін өнімнің құнынан асатын уақыт бойы кәсіпорындар жаңа жұмысшыларды қабылдайды.

Керісінше, егер өтелу төмен болса, онда бұл қызметті қысқартуға тура келеді. Егер кәсіпорынның инвестициялық шығындары (мысалы инвестицияларға арналған қарыз пайызы) осы салым түрінен түсетін табыстың мөлшерінен артық болса және өнім құны еңбекақыны төлеуге кететін шығыннан аз болса, кәсіпорынға өз инвестициялық бағдарламаларын тоқтатып, жұмысшыларды қысқартуға тура келеді. [4]

Қорытындылай келе, көптеген шаруашылық жүргізуші субъектілер ұмтылатын пайдалылық немесе табыстылық түріндегі өтелу қолда бар ресурстарды шығындардан артатыншамада қолданған кезде ғана жоғары көрсеткішке ие болады. Бірақ инвестициялар тұтынушылары бір ғана инвестиция түріне емес, көптеген нысандарына жұмсайды. Сонымен қатар қарастырылған инвестициялық салымдардың барлығын да пайда шегіне жеткізу маңызды.

Жұмсалған қаражаттарды барынша пайдалануға ұмтылатын инвестор барлық бағытта да пайдалылық өсімі бірдей болғанша қаражаттарын тиімді бөліп отыруы қажет. Инвестициялар түпкілікті нәтижесі барлық жобалар үшін бірдей болатындай жүргізіліп отыруы қажет. Мұндай тәсіл кәсіпорынның, саланың және экономиканың инвестициялық бағдарламаларды таңдау негізінде сақталуы тиіс. Егер ұлттық шаруашылыққа қатысатын барлық субъектілер осы тәртіпке сүйенсе, онда өндіріс көлемі мен жалпы пайдалылық жоғары болады. Ал бұл тәртіпті елемей экономикалық өсудің төмендеуіне, өндіріс стагнациясына, терең экономикалық құлдырауға алып келеді.

Әдебиеттер:

1. Ю.Бригхэм, Л.Гапенский «Финансовый менеджмент» М: 1998 г.
2. Гитман Л. Дж. , Джонн М.Д. «Основы инвестирования»М:1997г.
3. М.Крейнина «Финансовый менеджмент» М: 1998 г.
4. В.Мыльник «Инвестиционный менеджмент» М: 2002 г.